

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**
**Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару
(жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік
комиссия отырысының**
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

22.06.2017 ж.
сағ.: 11:08

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

комиссия мүшелері: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқарма басшысының м.а., Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, Г.С. Серикова – ММРК Экономика және қаржы басқармасының сарапшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Д. Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспағандар: Д. А. Жарлықапов – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры -еңбекке уақытша жарамсыз, Б. Ә. Орынбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының орынбасары, Б.А. Түргелдинова – ММРК Экономика және қаржы басқармасы басшысының м.а.- еңбек демалысында).

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шарттарға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін төмендету.

2. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша келіп түскен тендерге қатысу өтінімдерін қарастыру.

3. ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының 2017 жылғы 23 мамырдағы №17-7/83-ҚБПУ қызметтік хаты негізінде 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін жаңа лоттармен толықтыру.

4. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №541-545, №566-741, №771-800, №806-950 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен

С.К. Сабырбаева *Б.Қ. Ахметов* *Д.Н. Дүйсекенова* *Е.С. Рахматулла* *Г.С. Серикова* *Н.М. Иманбаев* *Д.Е. Абуева*

С.К. Сабырбаева

мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41, 42 тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 %-ға төмендету.

1. Тендер 2017 жылғы 15 маусымдағы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.


ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдері келесі тұлғалардан тендерге қатысу өтінімдердерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
«Элеватор Строй Монтаж» ЖШС	1	Астана қ., Сарыарқа ауданы, Бөгенбай Батыр көшесі 32/1 үй, ВП1	21.06.2017	15:35
«Торговый дом «Кама-Казakhstan» ЖШС	1	Уральск қ., Шолохова көшесі 20/2	21.06.2017	16:10
Ж.т. Акишева Карлыгаш Кабиденовна	2	Астана қ., Абай көшесі 18 үй, 83 пәтер	21.06.2017	16:43-16:45
«Дулат KZ» ЖШС	1	Астана қ., Лепсі көшесі 67	21.06.2017	16:50
Конверттер саны	5			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 11,13-тармақтарына сәйкес тендерлік комиссиясы келесі өтінімдерді тіркеуге алды:

1) «Элеватор Строй Монтаж» ЖШС (№519, №520, №521 лоттар) Тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, нөмерленген, 36 парақта:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

0.000 

- 3) «Элеватор Строй Монтаж» ЖШС құрылтай келісім-шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) 21.06.2017 жылғы № 47 ақпараттық хат;
- 5) заңды тұлға, филиал немесе өкілдікті тіркеу туралы анықтама;
- 6) жеке куәліктердің көшірмесі;
- 7) 21.06.2017 жылғы №38020403/4288 «BankRBK» АҚ филиалынан берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 8) 27.12.2016 жылғы №829., 23.12.2016 жылғы №794 «BankRBK» АҚ сенімхаттарының көшірмесі;
- 9) 03.03.2016 жылғы «Элеватор Строй Монтаж» ЖШС қатысушылар жалпы жиналысының хаттамасы;
- 10) 03.03.2017 жылғы №1 ж/қ директордың тағайындалуы туралы бұйрығы;
- 11) жеке куәліктің көшірмесі;
- 12) 20.06.2017 ахуал бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;
- 13) 21.06.2017 жылғы №490 төлем тапсырмасы.

2) «Торговый дом «Кама-Казахстан» ЖШС (№ 520, №521, №522, №523, №524, №525, №526, №527, №528, №529 лоттар)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, нөмерленген, 39 бетте:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 30.04.2013 жылғы «Торговый дом «Кама-Казахстан» ЖШС қатысушылар жалпы жиналысының хаттамасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) 30.04.2017 жылғы №14/1 директордың тағайындалуы туралы бұйрықтың түпнұсқасы;
- 5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) 16.06.2017 жылғы №302/54-03-05-3097 «Жинақ банкі» АҚ филиалынан берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 7) №266/01-08/691 «Ресей жинақ банкі» АҚ Орал қ. еншілес банктің филиалын басқару сенімхаты;
- 8) 04.01.2017 жылғы №302/54-03-05-03 «Ресей жинақ банкі» АҚ сенімхаты;
- 9) 16.06.2017 жылғы №2095/2181 «Альфа-Банк» АҚ берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 10) 16.02.2017 жылғы №629 «Альфа-Банк» АҚ сенімхаты;
- 11) 19.06.2017 жылғы №1096-001-113/3 «Kaspi Bank» АҚ берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 12) 04.01.2017 жылғы №3036 «Kaspi Bank» АҚ нотариалды куәландырылған сенімхат көшірмесі;
- 13) 16.06.2017 жылғы №140450487 «Казкоммерцбанк» АҚ филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 14) 20.05.2017 жылғы №1294 «Казкоммерцбанк» сенімхат көшірмесі;
- 15) 19.06.2017 жылғы №06-09/ю/06 «Торговый дом «Кама-Казахстан» ЖШС сенімхат көшірмесі;



- 16) жеке куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 17) 21.06.2017 жылғы №2761 төлем тапсырмасы.

3) Ж.т. Акишева Карлыгаш Кабиденовна (№497 лот)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, нөмерленген, 2 бетте:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) Жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 21.06.2017 жылғы № 4421236 жеке тұлғадан ақша аудару бойынша өтініші.

4) Ж.т. Акишева Карлыгаш Кабиденовна (№498 лот)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, нөмерленген, 2 бетте:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) Жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 21.06.2017 жылғы № 4421359 жеке тұлғадан ақша аудару бойынша өтініші.

5) «Дулат KZ» ЖШС(№497-498, №500-530 лоттар)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, нөмерленген, 14 бетте:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі туралы анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) 05.06.2017 жылғы №120-06/24230 «Цесна Банк» АҚ филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 5) 17.03.2017 жылғы №2 «Дулат KZ» ЖШС жалғыз құрылтайшы туралы шешімі;
- 6) 17.03.2017 жылғы №1 директордың тағайындалуы туралы бұйрығы;
- 7) 05.06.2017 жылғы №59 төлем тапсырмасы.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтырды қарап, ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ**:

Қазақстан Республикасы «Сатып алу туралы» Заңның 39 бабы 3 тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 15-21 маусым кезеңінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасасылған шарттарға байланысты көлемдер азайтылсын:

- №352 лот «шай» 0,230 тоннаға;
- №497 лот «автошиналар 10.00 R20» 60 жинаққа;
- №534 лот «тұз» 0,320;
- №541 лот «жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 0,200 тоннаға;
- №951 лот «күріш жармасы» 0,170 тоннаға.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

0.000 *[Handwritten signatures]*

Қағидалардың 36 және 39 тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша келесі үміткерді жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

«Элеватор Строй Монтаж» ЖШС тендерге қатысу өтінімін келесі лоттар бойынша:

- Ең жақсы төлем шартын ұсынған қатысушы ретінде **№ 519** лот бойынша жалпы бағасы **2 600 000 (екі миллион алты жүз мың)** теңге (Қағидалардың 39 тармағына сәйкес);

- Ең жақсы төлем шартын ұсынған қатысушы ретінде **№ 520** лот бойынша жалпы бағасы **5 200 000 (бес миллион екі жүз мың)** теңге (Қағидалардың 39 тармағына сәйкес);

- Ең жақсы төлем шартын ұсынған қатысушы ретінде **№ 521** лот бойынша жалпы бағасы **5 200 000 (бес миллион екі жүз мың)** теңге (Қағидалардың 39 тармағына сәйкес).

№498 лот бойынша ең жақсы төлем шартын ұсынған қатысушы ретінде **12 350 000 (он екі миллион үш жүз елу мың)** теңге жеке тұлға **Карлыгаш Кабиденовна Акишеваның** тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 39 тармағына сәйкес).

№497, №500-518, №522-530 лоттар бойынша ең жақсы төлем шартын ұсынған қатысушы ретінде **96 530 000 (тоқсан алты миллион бес жүз отыз мың)** теңге **«Дулат KZ» ЖШС** тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 39 тармағына сәйкес).

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2. ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының 2017 жылғы 23 мамырдағы №17-7/83-ҚБПҮ қызметтік хаты негізінде 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін №1355-1412 лоттармен толықтырылсын.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;





тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

3. №541-545, №566-741, №771-800, №806-950 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын Қағидалардың 41,42 тармақтарына сәйкес 10 %-ға төмендетілсін:

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

0.000    

2017 жылғы 22 маусымдағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 22 маусымдағы сағат 12.04-те жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 22 маусымдағы өзгерістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 32 бетте.


Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.



Комиссия мүшелері:


Ахметов Б.Қ.



Дүйсекенова Д.Н.




Рахматулла Е.С.



Иманбаев Н.М.



Серікова Г.С. .



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

